

2. Менеджмент: Учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям / Под редакцией М.М. Максимезова, М.А. Комарова: - 3-е изд., перераб. и доп – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2009 – 320 с.
3. Галагузов Алексей Николаевич Корпоративная культура и корпоративное образование // Вестник ЮУрГГПУ. 2010. №7. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/korporativnaya-kultura-i-korporativnoe-obrazovanie> (дата обращения: 29.03.2021).
4. Сивцева А. Р. Фомирование основ профессиональной этики // МНКО. 2011. №6-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fomirovanie-osnov-professionalnoy-etiki> (дата обращения: 29.03.2021).
5. Хильшер Виктория Арташесовна, Ананьев Егор Владимирович Профессиональная этика в сфере гостеприимства: значение и функции // Вестник ассоциации вузов туризма и сервиса. 2018. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnaya-etika-v-sfere-gostepriimstva-znachenie-i-funktsii> (дата обращения: 29.03.2021).
6. Uoker Dzhon R. Vvedenie v gostepriimstvo: uchebnoe posobie dlja studentov vuzov, obuchajushhihsja po special'nostjam 10103 «Social'no-kul'turnyj servis i turizm», 10102 «Turizm» / per. V.N. Egorova. M.: JuNITI-DANA, 2014.

ОӘЖ:338.48

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИСТІК ИНДУСТРИЯҒА ӘСЕРІ

Нұрланқызы Тоғжан

atn_99@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» кафедрасы 4 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан


Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент м.а. Шоқан Р.

Туристік сектор - экономика сегменттерінің арасында пандемияның салдарынан құлдырауға ұшыраған салалардың көшін бастап тұр. Туристік сала ірі дамыған елдердің ЖІӨ-нің 10% құрасса, шағын аралдық елдердің тұтас экономикасының үштен бірін құрайды. Бірқатар елдердің макро экономикалық тұрақтылығы тікелей аталмыш саланың жағдайына тәуелді, кіру туризмі жалпы экспорттық түсімдердің 40-50% құрайды.

COVID-19 пандемиясының таралу ауқымы мен келтірген салдары, Екінші Дүниежүзілік соғыстың зардаптарынан кейінгі орынға шығып отырғаны белгілі. COVID-19 пандемиясы өткен жылдың бірінші тоқсанында халықаралық саяхаттардың 22 пайызға төмендеуіне әкелді, ал халықаралық туристік ағым алдыңғы өткен жылмен салыстырғанда 60-80 пайызға төмен болуы мүмкін, ал қазіргі жағдай тарихтағы ең ауыр дағдарыс- деп хабарлайды Дүниежүзілік туристік ұйым. ДТҰ-ның халықаралық туризм нарығының даму болашағына жасаған болжам бойынша: шекаралардың қанша уақыт жабылғанына және шектеулердің болуына байланысты саланың табысы 910 миллиард доллардан 1,2 триллион долларға дейін төмендеуі, салада 100-120 миллион жұмыс орны жабылуы мүмкін. Халықаралық еңбек ұйымы әлемдегі 436 миллионнан астам кәсіпкер бизнес саласы бойынша тәуекелге ұшырағанын, сонымен қатар қонақ үй индустриясындағы 51 миллионға жуық кәсіпорынның мәселелеріне қатысты ақпаратты ұсынды.


Соңғы жиырма жыл ішіндегі туризм саласының даму қарқынын талдайтын болсақ, 2000-2019 жылдар ішінде халықаралық туризм саласының дамуында оң серпіні байқалды. 2000 жылы 674 млн адам саяхаттаған болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 141 % артып, 952 млн адам халықаралық туризм нарығының тұтынушысы болған. 2019 жылы әлем бойынша 1408 млн. адам саяхаттаған. Статистикалық мәліметтер 2003 және 2009 жылдар саланың төмендегінен көрсетіп отыр. 2003 жылы SARS ауруының таралу салдарынан халықаралық туристік ағым 2002 жылмен салыстырғанда 3 млн адамға немесе 0,4% төмендеп, 692 млн адам саяхаттаса, 2009 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыстың салдарынан сапар шегушілердің саны

2008 жылға қарағанда 37 млн адамға немесе 4,0% құлдырап, 893 млн адам саяхаттаған (1-сурет). ЮНВТО бағалауы бойынша, 2020 жылғы қаңтар–тамызда айларындағы зерттеулерге сәйкес әлемдегі халықаралық туристік келушілердің саны 700 млн-ға (70,0% - ға) азайды.



1- сурет Халықаралық туристер саны, млн. адам

Әлемдік туристік саланың дамуы пандемия басталғанға дейін жылдар тұрақты даму динамикасын көрсеткені белгілі. Саланың жалпы экспорттық табысы абсолютті көрсеткіш бойынша үш есеге жоғарлап, 496 млрд АҚШ долларынан 1480 млрд АҚШ долларына дейін өсті (2- сурет).



2- сурет Халықаралық туризмнен алынған жалпы табыс, млрд \$

Талдауға алынған жылдар ішінде халықаралық туризмнен алынған табыстың төмендеуі 2009 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыс кездерінде байқалған. 2009 жылы 2008 жылға қарағанда жалпы табыс 88 млрд АҚШ долларына немесе 5,4% төмендеп 901 млрд АҚШ долларын құрады. 2000-2019 жылдар арасында осы саланың жалпы табысы 2,9 есеге артып 496 млрд АҚШ долларынан 1481 млрд АҚШ долларына дейін жеткен.

COVID-19 пандемиясының туристік индустрияның әртүрлі секторларына тигізген әсерін талдайтын болсақ. Қонақ үй индустриясындағы брондау қызметі 75 % төмендеді, тасымалдау индустриясы бойынша жолаушылар айналымы 90% қысқарды (1- кесте).

1- Кесте Туризм индустриясының әртүрлі секторларындағы көрсеткіштердің төмендеуі, 2020 ж сәуір- мамыр айлары

	Туризм индустриясы секторы	Көрсеткіш
1	Әуе тасымалы	АҚШ жолаушылар айналымы -91% төмендеген (IATA мәліметі бойынша жолаушылар тасымалынан түсетін

		табыс 252 млрд. \$ АҚШ төмендеген)
2	Қонақ үй индустриясы	Әлем бойынша номерлерді брондау -75% азайды (Еуропада қонақ үйлердің 76% жабылған)
3	Круиздар	АҚШ та круиздық турларды сату - 83% төмендеген
4	Туроператорлар	Турларды брондау әлем бойынша -85% қысқарды
5	Туризм саласындағы жұмысбастылық	Әлем бойынша -100 млн жұмыс орны жабылуы мүмкін. (Кейбір компаниялардағы персоналды қысқарту жағдайлары: TUI мәліметі бойынша 30% не 8000 жұмыс орны; Airbnb мәліметі бойынша 25% не 1900 жұмыс орны; TripAdvisor мәліметі бойынша 25% не 900 жұмыс орны жабылады)
Ескерту: [6] ақпарат көзі негізінде құрастырылған.		

Кейбір әлем елдеріндегі туризм саласының қазіргі даму жағдайына талдау жасайтын болсақ. Коронавирус эпидемиясынан ең қатты зардап шеккен елдердің бірі - Италиядағы туризм индустриясы. Италияның ЖІӨ-нің 14 пайызын туризмнен түскен табыс құрайды. 2019 жылы Италияға 62 миллион шетелдік турист келген. 2020 жылға жасалған болжам бойынша 43 миллион адамға дейін халықаралық туристер саны азаяды делінген. Туристік бизнес саласының табысы 3,2 миллиард еуроға дейін азайды, осы табыстың жартысын отельерлер жоғалтқан.

Америка Құрама Штаттарындағы бос бөлмеге шаққандағы қонақ үйден түсетін кірістер 2020 жылы 7 наурызда соңғы аяқталған аптада 11,6% -ға төмендеді, ал ҚХР қонақ үйлердің жүктеме деңгейі 2020 жылғы қаңтардың аяғында 89% -ға төмендеді. 2020 жылдың 1 наурызынан бастап Германияда қонақ үйлерді орналастыру 36% -дан астамға төмендеді.

Жалпы, COVID-19 дағдарысы туризм индустриясындағы халықаралық теңгерімсіздікке және еуропалық қонақжайлылық нарығында айтарлықтай құлдырауға алып келді. Азия нарығында, егер COVID-19 пандемиясы 2020 жылдың екінші тоқсанынан әрі қарай жалғасатын болса, Вьетнамның туризм секторы 5 миллиард доллар шығынға ұшырайды деген болжам таратылған болатын. Сонымен қатар, Филиппинде елдің ЖІӨ-нің болжамы 0,3–0,7% -ға төмендейді деп ескертілген болатын [1].

Азия- Тынық мұхит өңірлеріндегі туризмнің құлдырауы басқа өңірлерге қарағанда жоғары деңгейде қалып отыр. 2020 жылдың қаңтар–тамыз айларында Азия- Тынық мұхит аумағындағы халықаралық келушілердің саны 79,0% - ға азайды, содан кейінгі орындарда Таяу Шығыс пен Африка (-69,0%) және Еуропа (-68,0%) (1-кесте).

2 –Кесте Өңірлер бойынша жылдық халықаралық келу сапарларының қарқыны, %, 2020 ж. қаңтар–тамыз айлары

	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қаң.-тамыз. 2020 ж.
Америка	0	3	-50	-94	-93	-92	-88	-88	-65
Еуропа	5	2	-61	-98	-96	-88	-72	-69	-68
Таяу Шығыс	6	-1	-63	-99	-99	-99	-96	-94	-69
Африка	2	1	-43	-99	-99	-99	-96	-94	-69
Азия- Тынық мұхиты	-9	-54	-82	-98	-99	-98	-96	-96	-79
Әлем	-1	-16	-65	-97	-97	-91	-81	-79	-70

Дереккөз – ЮНВТО мәліметтері негізінде құрастырылған.

2020 жылдың қаңтар–тамыз айларында әлемдегі туристік қызметтер экспортынан түскен табыс 730 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2009 жылғы дағдарыс жылындағы шығындардан 8 есе көп. ЮНВТО бағалауы бойынша бұл әлемдік ЖІӨ–ні тағы 1,5-2,8% - ға төмендетуі мүмкін, ал халықаралық туристік келу саны 58-78% - ға қысқарады.

Ресейде пандемияға дейін туризмнің және онымен байланысты салалардың ЖІӨ-дегі үлесі шамамен 5% (5 трлн 442,9 млрд. рубль) құрап, жалпы жұмыспен қамтылғандардың 5,6% - ын қамтамасыз етті (4 миллионнан астам адам). Өнеркәсіп дағдарысқа ұшырады: Ресейдегі турларға арналған броньдардың алынуы 3-6 айды құрайды (50-80%). Туризм саласындағы 95% компаниялардың кірістері 2020 жылы (олардың көпшілігі ШОБ) ұжымдық орналастыру құралдарын пайдалану 0-3% дейін төмендеп кетті. [3] Барлық шығу сапарларының жартысы келген ең танымал бағыттар Абхазия (1,9 млн сапар), Түркия (1,4 млн сапар), Украина (0,9 млн), Финляндия (0,8 млн), Қазақстан (0,6 млн сапар) болды.

Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесі (WTTC) COVID-19 пандемиясының салдарынан 50 миллионға дейін туристік жұмыс орындары жабылауы мүмкін деп есептейді. Егер әлемдік туристік бизнес әрекет етудің алдында тұрса, онда Қазақстанда төтенше жағдай енгізілгеннен кейін туристік бизнес материалдық көмек сұрауға шешім қабылдады. Елге кіруге және шығуға тыйым салынған кезде туризм индустриясы мемлекеттен төмендегідей саланы қолдау шараларын ұйымдастыруды талап еткен, атап айтқанда: салықтардан, барлық жарналардан, комиссиялардан және пайыздардан босатуды, бір жылға пайызсыз және кепілсіз несие беруді немесе жалақысы сақталмайтын демалысқа жіберілген жұмысшыларға бюджеттен ақша бөлуді. Бұл ұсынысты Қазақстан туристік қауымдастығы (КТА) жасады. КТА мәліметтері бойынша «Қазақстанның туристік индустриясында 80 мыңнан астам адам жұмыс істейді, олардың 90% жуығы әйелдер. Қызметкерлердің көпшілігі халықтың осал топтары: жалғыз басты аналар, отбасының жалғыз асыраушылары, көп балалы аналар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар».

2020-2021 жылдары эпидемиологиялық жағдай әлемдегі және Қазақстандағы туризмнің барлық түрлерін айтарлықтай тежеуі мүмкін, бұл ел ішінде толыққанды демалу мүмкіндігін кеңейту үшін инфрақұрылымдық және институционалдық, ішкі рекреация мен туризмді, ұлттың денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету үшін спорттық, танымдық туризмнің барлық түрлерін және карантиндік шектеулерді алып тастауға қарай адами капиталды дамытуды дамытуға уақыт береді [4]. Сондықтан дағдарыстан кейін саланы әрі қарай дамытудың бірқатар шараларын айқындау керек. COVID-19 пандемиясынан кейінгі туризмді трансформациялаудың бес басым бағытын келесі кесте бойынша ұсынамыз.


3 –Кесте Туризм саласын әрі қарай дамыту бағыттары

№	Бағыттар	Шаралар
1	Әлеуметтік-экономикалық салдарды азайту	жұмыс орындарын сақтау, сенімділік пен қауіпсіздікті қалыптастыру;
2	Бәсекеге қабілеттілік пен тұрақтылықты арттыру	туристік инфрақұрылымды дамыту және қызмет көрсету сапасын арттыру, тауарлар мен нарықтарды әртараптандыру, ішкі туризмді дамыту;
3	Цифрландыру	туризм экожүйелерін цифрландыру, инновациялық шешімдер әзірлеу, сандық дағдыларға инвестиция салу;
4	«Жасыл» жүйеге көшіру	тұрақты дамуға жәрдемдесу, көміртекті бейтарап шешімдерді енгізу, экотуризмді дамыту;
5	Секторды түрлендіру	секторды трансформациялау және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін үйлестіру

Елдер жұмыспен қамтуды қолдау және экономиканы дамытудың басымдығы ретінде туристік индустрияны қолдау бойынша ауқымды кешенді шараларды қабылдауда. Мысалы, WTTC келесі қалпына келтіру нұсқауларын ұсынады:

- Денсаулық және қауіпсіздік бойынша әлемдік салалық хаттамаларды қабылдау;
- қонақжайлылық индустриясының қызметкерлері арасында коронавирустың таралуын болдырмайтын жедел тестілеуді енгізу;
- өтімділіктің өсуін ынталандыратын салықтық жеңілдіктер тұрғысынан туризм саласына мемлекеттік қолдауды жалғастыру;
- қызметкерлерді қорғау шараларын жүзеге асыру және т.б.

ЮНВТО-ның ресми сайты коронавирустық дағдарыстың салдарын азайту және туризм мен туристік нарықты қалпына келтіру бойынша елдер немесе ұйымдар қабылдаған шараларды бақылайды. 2020 жылғы 10 маусымдағы жағдай бойынша елдер қабылдаған мұндай шаралардың 18% -ы бюджеттік саясат шараларымен, 18% -ы ақша-несие саясатымен байланысты болды (3-сурет) [4].



3-сурет Елдердің коронавирус дағдарысының әсерін азайту, туризм мен саяхатты қалпына келтіру үшін қабылдаған шаралары

«COVID-19 пандемиясы қалалардың тез бейімделетінін және болашаққа жақсы дайындалуы керектігін көрсетті. Қалалық туризм - XXI ғасырдың басты тенденцияларының бірі», - деп айтсақ қате пікір болмас. Пандемиядан туындаған халықаралық саяхаттағы шектеулер қалалық туризмге өте үлкен сұранысты тудырады. Ең жақсы инфрақұрылым оның ішінде цифрлы инфрақұрылымдық мүмкіндіктер саланы әрі қарай дамытудың негіздерін айқындауы мүмкін. Соңғы айларда әлемдегі тұрғындар сандық жайлылықтың жаңа деңгейіне үйренді [5]. Цифрлық технологиялар нарыққа жаңа туристік өнімдерді шығарып қана қоймай, ел ішіндегі салааралық ынтымақтастықты арттыруға ғана емес, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты сақтауға мүмкіндік берді. Карантиндік шектеулер кезінде ерекше танымалдылыққа ие болған туризмді цифрландырудың тағы бір бағыты - бұл әлемдегі қалалар мен мұражайларға виртуалды турлар. Үйден шықпай-ақ Луврды айналып өтіп, Вена операсын тыңдап, НАСА бейне галереясын зерттеуге үлкен мүмкіндік туды. Интернетте саяхаттау мүмкіндігі адамдарға әлемді ашуға, бұрын болмаған жерлерді көруге, білім алуға, әр түрлі елдердің адамдарымен танысуға, тіпті үйде болуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Recovery Scenarios 2020 & Economic Impact from COVID-19 Infographics. URL: <https://wttc.org/Research/Economic-Impact/Recovery-Scenarios-2020-Economic-Impact-from-COVID-19>
2. UNWTO. URL: <https://www.unwto.org/>

3. Nicola M. et al. The socio-economic implications of the coronavirus pandemic (COVID-19): A review // International Journal of Surgery. 2020. No. 78. P. 185–193
4. Страны ЕС на фоне начала летнего сезона начали открывать внутренние границы. URL: <https://www.interfax.ru/world/713205>.
5. IATA. URL: <https://www.iata.org/>.
6. Туризм - https://innoagency.ru/files/Tourism_Prognoz_Covid19.pdf

ӘОЖ338.48

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМІНІҢ БҮГІНІ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Нұрмағанбетқызы Нұрдана
nurdanan@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің студенті, 4 курс Ғылыми жетекші –
Муталиева Ляйля Маратовна, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстанда туризмді кластерлік аймақтар бойынша дамыту кеңінен қолға алынуда. Бұл өз кезегінде туризмді шашыраңқы сипатта емес, керісінше белгілі бір реттіленген жүйе бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Туристік кластер бұл – туристік аймақтардың бір немесе бірнеше учаскелерінде орналасқан туристік-рекреациялық арнайы экономикалық аймақтардың жиынтығы. Туристік кластерлердің негізгі сипаттамалары:

- туризм индустриясында және сабақтас салаларда (мемлекеттік-жеке меншік әріптестік, қауымдастықтар, одақтар және т. б. нысанында) жұмыс істейтін туристік кластер субъектілері (кәсіпкерлік құрылымдар, билік органдары және мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар) арасында кооперацияның болуы;

- туристік кластер субъектілерінің қалыптасқан туристік инфрақұрылымы (туристік кластер объектісі) бар туристік орындар орналасқан аумақтың туристік ресурстарын бірлесіп пайдалануы;

- туристік кластер қатысушылары арасында тік (туризм индустриясының азық-түлік тізбегінің ішінде) және көлденең өзара байланыстардың (өнім турын өндіру процесіне қатысатын құрылымдар арасында) болуы;

- кластер объектілері мен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудан, сондай-ақ өңірдің туристік өнімін қалыптастыру, ілгерілету және өткізу есебінен рекреациялық қажеттіліктерді қанағаттандырудан тұратын туристік кластердің жұмыс істеуінің бірыңғай мақсатының болуы.

Түркістан аймағының туристік кластері мәдени-танымдық, экологиялық және емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға бағытталған. Мақаланың маңызды бөлігі аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыруды қамтамасыз ететін Түркістан туристік кластерінің бәсекеге қабілетті туристік индустриясын құру мүмкіндіктерін айқындау болып табылады.

Kursiv.kz сайтының деректері бойынша 2018 жылдың алты айында Түркістанға 720 мыңға жуық адам келді. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 57,2% - ға өсті. Жалпы, жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде, оның ішінде туристік индустрияны дамытудың 2018-2025 жылдарға арналған арнайы әзірленген тұжырымдамасы аясында аймаққа келетін туристер санын 5 миллионға жеткізу жоспарлануда. Жоспарға сәйкес, бірінші кезекте Түркістанның ежелгі қоныстарының бірі – Күлтөбе қалашығы қайта жаңғыртылатын болады. Әбілмәмбет ханның, Тәуке ханның ортағасырлық Жұма мешіті және басқа да бірқатар объектілер толық қалпына келтірілу үстінде. Сонымен қатар, Түркістанның тарихи құндылықтарын сақтауға, одан әрі абаттандыруға, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін сақтауға және әкімшілік-іскерлік орталық құруға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Облыс әкімдігінің мәліметіне сәйкес, өткен жылы Түркістанға 1,2 млн адам келген. Сонымен қатар, соңғы бес жылда Түркістанға келетін туристер мен қажылық мақсаттағы туристер саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, Түркістан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм бөлімінің ақпараты бойынша,